

Шығыс Қазақстан облысының бақылаушы қызметтерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерді тексеруді жүргізудің тәртібі туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облыстық маслихатының 1998 жылғы 18 наурыздағы № 16/8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет басқармасында 1998 жылғы 3 сәуірде № 3 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 10/115-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 14.04.2017 № 10/115-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Заңның 41 бабы негізінде облыстық Мәслихат шешеді:

Шығыс Қазақстан облысының бақылаушы қызметтерінің шаруашылық жүргізудің тәртібі бекітілсін /қосымша берілген/.

Сессия төрағасы

Облмәслихаттың хатшысы

А.Визе

В.Ахаев

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БАҚЫЛАУШЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТІЛЕРДІ ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы тәртіп Қазақстан Республикасының Конституциясына (39 бап), Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (10 бап) "Кәсіпкерлік іс-қимылдардың еріктілігіне Мемлекеттік кепілдікті жүзеге асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Президенттің Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Заңды актілерінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі және бақылау қызметтерін жүзеге асырушы Мемлекеттік органдар бекіткен ережелер мен нұсқаулар негізінде талданып жасалды.

Осы құжаттың міндеті облыстың барлық бақылаушы қызметтері орындауы және қолдануы үшін міндетті Заңды және жеке тұлғалардың қаржылық және шаруашылық қызметтерін тексерулердің жалпы мәселелерін регламенттеу болып табылады.

II. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУШІ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ ІС-ҚИМЫЛДАРЫН ТЕКСЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру жылына бір рет жүргізіледі, егер басқасы қолданылып жүрген заңдылықта көзделмесе. Бұрын ашылған бұзушылықтарды жою үшін бақылау жасауды жүргізу жеке тексеру деп саналмайды.

2.2. Басқа тексерулер (сауда тәртібін, санитарлық - эпидемиологиялық, техникалық жағдайларды сақтау және басқалары) тиісті қызметтердің нормативті құжаттары белгілеген мерзімділікте жүргізіледі.

2.3. Қаржыландыру көздері бюджет болып табылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың бюджеттік қаражаттарды жұмсауының дұрыстығын тексеруді Шығыс Қазақстан облысы бойынша қаржылық бақылау комитетінің басқармасы нормативті құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.

2.4. Жоспарсыз тексерулер жоғарғы бақылаушы органдардың жазбаша рұқсатымен (немесе үшінші адамның нақты бұзушылықты көрсеткен жазбаша өтініші бойынша) жүргізіледі. Егер жоспарсыз тексеру нақты бұзушылық фактісін анықтамаса, сол субъектіні сондай мәселе бойынша кезекті жоспарлы тексеру жүргізілмейді.

2.5. Сабақтас салаларда іс-қимылдарды жүзеге асырушы бақылаушы органдар мен қызметтер бірлескен кешенді тексерулер жүргізудің жоспарларын жыл сайын бекітсін.

III. ТЕКСЕРУЛЕРДІ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Тексеру жүргізу кезінде қатаң есептік бланкаларында ресімделген арнайы нұсқаманы міндетті шығару қажет, оның көшірмесі мыналарды көрсетумен тексерушіге міндетті түрде берілуі тиіс:

- тексеру объектісін;
- негіздерінде тексеру жүргізілетін заңдылық актіні, ережелер мен нұсқауларды;
- тексеруді жүргізу мерзімдерін (күнін);
- тексерілетін мәселелерді;
- тексерушінің фамилиясы, аты-жөні және лауазымы.

Кешенді тексерулерді жүргізу кезінде (2.5 тармақ) бірыңғай нұсқаманы басып шығаруға жол беріледі.

Тексеруші жолдамамен қатар қызметтік куәлігін ұсынуға міндетті.

3.2. Жоспарлы тексеруді ұйымдастыру кезінде әрбір бақылаушы қызмет тексеруге жататын мәселелер шеңберін (тексеру бағдарламасын) әзірлейді.

Тексеруші тексеру басталғаннан бұрын немесе тексеру барысында тексерілушіні бағдарламамен тапсыруға міндетті.

3.3. Тексерулерді жүргізген кезде тексеруші келу есебінің Кітабына лауазымын, фамилиясын, тексеру мақсаты мен нәтижелерін көрсетіп тексерулерді өткізу фактісі туралы белгі соғуы керек.

3.4. Тексеруді жүргізу кезінде тексерушінің тексеру бағдарламасымен және сол бақылаушы қызмет туралы Заңдылық ережелерімен белгіленген шектен шығуға құқысы жоқ.

3.5. Тексеру аяқталғаннан кейін екі данада акті жасалады, оның біреуі тексерушіде қалады. Актіге екі жақ қол қояды. Тексерушіні қол қоюдан бас тартқан кезде актіге тиісті жазу жазылады.

Актінің бір данасы міндетті түрде қолхат беру арқылы тексерушіде қалады, егер басқасы Заңда көзделмесе.

IV. ТЕКСЕРІЛУШІНІҢ ҚҰҚЫСЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Тексерудің нәтижелері бойынша ауызша және жазбаша түсініктеме беруге.

4.2. Тексерудің барысында бұзушылық ашылған жағдайда тескерілуші тексеру аяқталғанға дейін оларды жою жөнінде барлық шараларды қолдануға құқылы.

4.3. Осы Тәртіптің 4.1. және 4.2 тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынбаған бақылаушы қызмет қызметкеріне тексеруге жол берілмейді.

4.4. Жоспарлы тексерулерді жүргізу кезінде нұсқамада белгіленген шектен шығатын құжаттарды және басқа ақпаратты беруден бас тартылсын.

4.5. Тексерушілердің әрекеттері жөнінде жоғарғы бақылаушы органдарға, сондай-ақ сот арқылы шағым берілсін.

ҚОСЫМША

БАҚЫЛАУ ЖАСАУҒА ҚҰҚЫСЫ БАР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

ҰҚК, ІІМ, кеден қызметінің, салық полициясының органдары "Оперативті-ізвестіру қызметі туралы" Заңға және Қазақстан Республикасының Заңдылықтарына сәйкес жүргізетін оперативті-ізвестіру шаралары тексеру болып табылмайды және осы Тәртіппен регламенттелмейді.

Шығыс Қазақстан облысының аумағында жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қаржылық және шаруашылық іс-қимылдарын тексеруді жүзеге асыруға құқысы бар Мемлекеттік органдар мыналар болып табылады:

1.1. Салық қызметі (салық комитеті және салық полициясы) - кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық жұмысын тексеру, салықтарды бюджетке дер кезінде

және дұрыс аударуға бақылау жасау.

"Салық және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі № 2235 Заң күші бар Жарлығы, 171, 172 баптар.

"Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің салық қызметінің салық полициясында қызметтен өту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 сәуірдегі қаулысы, 67 тармақ.

1.2. Қаржылық бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан Комитеті - бюджеттік қаражаттарды пайдалануға бақылау жасау.

"Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қаржылық бақылау комитеті туралы Ереже" жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы № 1781 қаулысы.

1.3. Санитарлық заңдылықты сақтау үшін, азаматтардың денсаулығын қорғауға және қауіпсіз өнімдерді пайдалануға құқысын қамтамасыз ету үшін бақылау жасау жөніндегі қызметтер:

1.3.1. Санитарлық қызметтер:

- санитарлық-эпидемиологиялық станса;

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық игілігі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 8 шілдедегі Заңы.

"Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы № 111-1 _ Заңы.

"Әкімшілік құқы бұзушылық туралы" Қазақ КСР Кодексі.

- ветеринария комитеті;

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 шілдедегі № 2376 _ Заң күші бар Жарлығы, 10, 12, 19, 20 баптар.

- карантиндік инспекция;

"КСРО Мемлекеттік агроөнеркәсібінің өсімдіктер карантині жөніндегі Қазақ КСР-і бойынша Мемлекеттік инспекциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі жанындағы өсімдіктер карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекциясы етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы № 676 Қаулысы, 4, 10, 11, 13 тармақтар.

"Әкімшіліктік құқы бұзушылықтар туралы" Қазақ КСР-інің Кодексі".

- астық инспекциясы;

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі жанындағы Республикалық астық инспекциясы туралы Ереже туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 маусымдағы № 900 Қаулысы, 8, 9 тармақтар.

1.3.2. Шығыс Қазақстан стандарттау және метрология орталығы - стандарттар

талаптары мен техникалық шарттарды сақтауға мемлекеттік бақылау жасау, өнім сапасының мәселелері, тұтынушылардың мүдделері мен құқыларын қорғауды қамтамасыз ету.

"Стандарттау және сертификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 18 қаңтардағы Заңы, 15, 16 баптар.

"Қазақстан Республикасында стандарттар мен техникалық шарттарды сақтау үшін Мемлекеттік қадағалау туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы № 410 Қаулысы, 3, 6, 9, 10 тармақтар.

1.3.3. Шығыс Қазақстан облыстық экология және биоресурстар басқармасы - облыста қоршаған табиғи ортаны қорғауға бақылау жасау.

"Қазақстан Республикасында қоршаған табиғи ортаны пайдалану және қорғау үшін мемлекеттік бақылау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 18 желтоқсандағы № 785 Қаулысы, 6, 7 тармақтар.

"Экологиялық сараптау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 18 наурыздағы № 85-13 Заңы, 14, 20 баптар.

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы, 10, 20, 77 баптар.

1.4. Шығыс Қазақстан облысы бойынша баға және монополияға қарсы саясат комитеті.

1. Сақтау үшін бақылау жасау:

- монополияға қарсы заңдылықты (бәсекелестік рынок және табиғи монополия саласы);

- тұтынушылардың заңды құқыларын.

2. Баға құрылымын реттеу, табиғи бәсекелестердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріндегі шығындар мен кірістер резервтерінің нақтылы құрамына бақылау жасау.

Нормативті-құқықтық актілер

"Бәсекелестікті дамыту және монополистік іс-әрекеттерді шектеу туралы" Қазақ КСР-нің 1991 жылғы 11 маусымдағы Заңы.

"Тұтынушылардың құқыларын қорғау туралы" Қазақ КСР-нің 1991 жылғы 5 маусымдағы Заңы.

"Табиғи монополистердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өнімдеріне бағаны реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 11 маусымдағы № 1171 Қаулысы.

"Бағалардың мемлекеттік тәртібін бұзғаны үшін экономикалық санкцияларды қолдану тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 наурыздағы Қаулысы.

Стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі Агенттіктің монополияға қарсы орталық комитет бойынша 1998 жылғы 23 қаңтардағы № 10 бұйрығымен бекітілген Шығыс Қазақстан облысы бойынша баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекеттік комитет туралы Ереже.

"Басқарудың облыстық органдарының құрылымын тәртіпке келтіру туралы" Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің 1996 жылғы 26 маусымдағы өкіміне өзгерістер енгізу туралы" 1996 жылғы 22 шілдедегі № 2-15ө өкімдері.

"Басқарудың облыстық органдарының құрылымын тәртіпке келтіру туралы" № 2-11ө.

1.5. Техникалық қызметтер-канализация, жылумен, сумен, электрмен жабдықтау желілерін пайдалану тәртібіне және олардың техникалық жағдайына бақылау жасау.

1.6. Жерді пайдалану және сәулет талаптарын сақтау үшін бақылау жасау:

1.6.1. Жер қатынастары және жерге орналастыру комитеті

"Жерді пайдалану және қорғау үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 ақпандағы № 235 қаулысы.

1.6.2. Шығыс Қазақстан облысының сәулеттік-құрылыс институтының мемлекеттік кәсіпорны.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қазандағы Заңы, 36 бап.

"Тұрғын және азаматтық үйлерді жоспарлау мен жаңғырту үшін бақылау жасау туралы" Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің 1997 жылғы 19 наурыздағы № 7-34ө өкімі.

"Тұрғын және қоғамдық үйлерді жаңғырту үшін бақылау жасау туралы" Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің 18 тамыздағы № 7-13ө өкімі.

1.6.3. Сәулет және қала құрылысы басқармасы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қазандағы Заңы, 16 және 19 баптар.

1.7. Өртке қарсы қызмет - өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін қадағалау жасау.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы № 48-1 Заңы, 6, 11, 14, 15 баптары;

"Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік Комитетінің өртке қарсы Мемлекеттік қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі № 430 Қаулысы, 6-бабы.

1.8. Шығыс Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасы жанындағы табиғатты қорғау және ветеринарлық полиция басқармасы.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық ізгілігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

"Облыстың қалалары мен елді мекендерінде көркейту, санитарлық жағдайды, жерді және жасыл ағаштарды қорғауды қамтамасыз ету тәртібі туралы" Шығыс Қазақстан облыстық Мәслихатының 1996 жылғы 30 мамырдағы № 9/4 шешімі.

"Шығыс Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасы жанындағы табиғатты қорғау және Ветеринарлық полиция туралы" 1997 жылғы 30 шілдедегі Ереже.